

**«Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті» КеАҚ,
8D01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін ұсынылған Мышбаева Гулмира Мұратқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысына ресми рецензент, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор Асылбекова Марзия Пазировнаның**

ШҚІРІ

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Мышбаева Гулмира Мұратқызының «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту» тақырыбында жазылған диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог» кәсіби стандарты, «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасы, Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделіне сәйкес келеді.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы) 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Г.М. Мышбаеваның диссертациялық жұмысы Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының «Білім және ғылым саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді. Диссертациялық жұмыс 8D012-Мектепке дейінгі педагогика және оқыту (8D01201- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу) бағыты бойынша ұсынылған.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу жұмысы педагогика ғылымының дамуына елеулі үлес қосады . Оның ішінде мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесімен дамытудың мазмұнын толықтырады. Қазіргі қоғам талаптарына сай болашақ мектепке дейінгі ұйым

			педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытуды теориялық-әдіснамалық тұрғыда негіздеу, және оның әдістемесінің жеткілікті дәрежеде жасалмағандығын дәлелдеген. Зерттеу жұмысының теориялық және практикалық маңыздылығы жақсы ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Орындалған жұмыс дербес, өзекті, толық және аяқталған болып табылады. Өзі жазу деңгейі жоғары . Диссертанттың жүргізген жұмыстары оның зерттеу үдерісіне деген ғылыми көзқарасының пайда болуына мүмкіндік береді.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі қазіргі таңдағы мемлекеттік бағдарламалар мен заман талабының сұранысына сай негізделген.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды	Диссертация мазмұны зерттеу мәселесінің тақырыбына сай, нақты айқындалған . Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту теориялық-әдіснамалық және эксперименттік негізін ашады.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді	Диссертация мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді . Тұжырымдалған әрбір нәтиже ғылыми тұрғыда негізделген. Атап айтқанда: - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерінің айқындалған; - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сарапталған; - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесі жасалған; - болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамыту мақсатындағы тәжірибелік-эксперименттік жұмыс

			әдістемесінің тиімділігі тексеріліп, ұсыныстар даярланған.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы логикалық толық байланысқан , ортақ біртұтастық пен баяндау логикасы бар, алынған нәтижелер автордың қорытындыларымен бірге диссертацияда қойылған мақсат пен міндеттерге сәйкес келеді.
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	Автор ұсынған жаңа шешімдер зерттеудің әдіснамалық негіздерін анықтауда теориялық бөлімде педагогикалық, психологиялық әдебиеттердің талдануы арқылы, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасап, мазмұнды, әдістерді, құралдары, механизмі, күтілетін нәтижесі және «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік құзыреттілігі» атты элективті курс бағдарламасы және оның практикалық әдістемесінің ендірілуі бірізді логикалық сипатталған, осылайша ғылыми жұмыс әлемдік тәжірибелер мен тұжырымдарға негізделгенін, сыни талдау жүргізілгенін дәлелдейді.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) <u>жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады)</u> ; 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен жаңа . Теориялық және эксперименталдық зерттеудің нәтижелері болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері анықтауға, зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі мен әдістемесін жасауға мүмкіндік берілген. Ол өз кезегінде ғылыми нәтижелердің жаңалығын дәлелдейді.
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертацияның қорытындысы жаңа деуге негіз бар. Себебі әрбір зерттеу міндеттері бойынша алынған нәтижелер, ғылыми жаңалықтары және қорғауға ұсынылған қағидаларымен оны дәлелдейді.
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық	Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару

		немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	шешімдері толығымен жаңа болып табылады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертацияның барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан алғанда ауқымды дәлелдемелерде ғылыми-тәжірибелік деңгейде негізделген және математикалық-статистикалық талдаулар арқылы нақтылығы расталған.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	Қағидалар толығымен дәлелденген. Себебі, зерттеудің қағидаттары нақты міндеттердің нәтижесінен шығарылған. Жұмыс тривиалды емес, себебі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың жаңа нәтижелерімен дәлелденген. Қағидат жаңа зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес төрт нәтиже жаңа, сондықтан қорғауға ұсынылған қағидаттарды жаңа деп есептеуге болады. Жұмыстың қолдану деңгейі кең ауқымды. Зерттеу нәтижелері университетте педагог кадрларды даярлаудың зерттеушілік құзыреттілігі компонентін жетілдіруде пайдалануға болады. Зерттеу жұмысының негізгі идеялары мен нәтижелері, тұжырымдары мен қорытындысы диссертанттың халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар мен түрлі басылымдарда 14 ғылыми мақала жарық көрген. Scopus базасына енген шет елдік басылымда 1 мақала, ҚР ҒжЖБМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитетінің тізіміндегі басылымдарда 3 мақала, 10 мақала халықаралық конференция материалдары жинақтарында жарияланған.

8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдіснамалық тұғырлары жүйеленіп, талданған. Осы орайда қолданысқа енгізілген әдіснамалық тұғырлар (Жүйелілік, тұлғалық іс-әрекеттік, синергетикалық, құзыреттілік) жиынтығы болып табылады.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ	Диссертацияның нәтижелері заманауи зерттеу әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін қолдану арқылы алынған. Математикалық және статистикалық зерттеу әдістері қолданылып, нәтижелері өңдеу топтары арасындағы корреляциялық өзгерісті Манн-Уитни U өлшемдік әдісі қолданылған және компьютерлік технологиялар қолданылып диаграмма түрінде ұсынылған.
		8.2 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ	Педагогикалық эксперименттің дәлелденуі «Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі» жасалуымен, оны тәжірибеге ендіріп оң нәтижелер алумен айқындалған. Себебі құрылымдық-мазмұндық модель мақсаттық, әдіснамалық, мазмұндық, іс-әрекеттік, нәтижелік бөлімдерінің логикалық бірізділігі диссертацияның нәтижелілігін қамтамасыз етеді.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертант жұмыс жазу барысында өте ауқымды зерттеулер жүргізгенін алыс және жақын шетелдік әдебиеттердің кеңінен қолданылуы жұмыстың мазмұндылығын тереңдете түскендігін көрсетеді. Зерттеу мәселесіне қатысты маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттер мен зерттеулерге сілтемелерімен расталған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Зерттеу жұмысында пайдаланылған әдебиеттердің саны – 175. Қолданылған әдебиеттер зерттеу тақырыбына шолуға жеткілікті.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ	<i>Зерттеудің теориялық маңыздылығы</i> бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Себебі, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы

			дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздері айқындалған; зерттеушілік құзыреттілікті lesson study әдістемесі арқылы дамытудың отандық және шетелдік тәжірибесі сарапталған; болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі компоненттерінің мазмұны (мотивациялық-мақсаттық, когнитивтік, рефлексивтік) және деңгейлерінің сипаттамасы (жоғары, орта, төмен) әзірленген.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ	Зерттеудің практикалық маңыздылығы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Атап айтқанда, «Мектепке дейінгі ұйым педагогінің зерттеушілік құзыреттілігі» элективті курс бағдарламасы және болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің зерттеушілік құзыреттілігін lesson study әдістемесі арқылы дамытудың әдістемесі дайындалды. Зерттеу нәтижелерін жоғары оқу орындарында және мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы мамандарын даярлайтын педагогикалық колледждерде, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен мектепке дейінгі педагогтердің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар толығымен жаңа болып табылады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Академиялық жазу сапасы жоғары. Диссертацияның тілі мен стилі талаптарға сәйкес келеді. Диссертация мазмұнындағы негізгі ұғымдар, анықтамалар мен терминдер жүйесі жеткілікті түрде ұсынылған. Диссертацияның құрылымы мен мазмұнын ресімдеу ғылыми жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

Шешім: 8D01201 - «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» білім беру бағдарламасы бойынша Мышбаева Гулмира Мұратқызына философия докторы (PhD) дәрежесі берілсін.

Ресми рецензент:

«Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» КеАҚ «Педагогика» кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор



М.П. Асылбекова

